

**Қаржылық есептілік, R-талдау және несие қабілеттілікті бағалау**

Мархаева Б.А., Дандыбаева М.С., Сихимбаева Ж.Б.

Халықаралық Бизнес Академиясы, Алматы қаласы

Халықаралық банк тәжірибесінде қарыз алушының несиеге қабілеттілігін бағалаудың кең тараған тәсілі рейтингтік жүйе болып табылады. Ол клиенттің сандық және сапалық сипаттамаларын есептеуге бағытталады. Бұндай жүйелер қарыз алушының несиелік қабілеттілігін жалпылама көрсеткіштер көмегімен есептеуге мүмкіндік береді. Жалпылама көрсеткіш рейтинг деп аталады және балл түрінде бейнеленеді. Баллдар сомасы және рейтингтің алдын-ала бекітілген ауытқу интервалының шегі бойынша қарыз алушыны тәуекел деңгейіне байланысты қай сыныпқа жататынын анықтауға болады.

Қарыз алушының несиелік қабілеттілігін рейтингтік жүйемен бағалау әрбір банктің жеке несие саясатына, стратегиялық жоспарына, маркетингтік зерттеулеріне және мемлекеттің ұлттық банкімен белгіленген несиенің жалпы сапасына тәуелді. Әрбір банктің рейтингтік жүйесі бір бірінен айтарлықтай өзгешелігі болады. Бір банк үшін клиенттің несиелік қабілеттілігі төмен болса, ал басқа банкте қажетті клиент бола алады. Басқа сөзбен айтқанда, егер банк пен клиент несиелік шартқа отыратын болса, онда клиенттің тәуекел деңгейі банктің тәуекелдігіне айналады. Сондықтан, қарыз алушының несиелік қабілеті - бұл коммерциялық банк балансының өтімділігін қолдау әдісі деп айтуға болады.

Рейтингтік жүйені қолдану барысында алдымен қаржылық көрсеткіштерді таңдау және оларды топтарға жіктеу маңызды болып келеді. Әртүрлі банктердің көзқарасынан немесе несиенің түріне байланысты несиелік тәуекелді бағалауда бірдей көрсеткіштер әртүрлі салмақ көрсету мүмкін. Мысалы, банк қысқа мерзімді несиені бере отырып, өтімділік және қаржылық тұрақтылық коэффициенттері аса мән береді. Ал ұзақ мерзімді несиелеуде маңызды мәнге іскерлік және пайдалылық (рентабелділік) коэффициенттері ие болады.

Қаржылық коэффициенттерді талдау (ағылш. *ratio analysis*, R-талдау) кәсіпорынның қаржылық есептілігінің кейбір абсолютті көрсеткіштерінің арасындағы қатынастарын есептеу мен талдауға негізделеді. Ақпараттық көзі ретінде бухгалтерлік баланс пен пайда мен залал туралы есептілігі болып табылады. R-талдау арқылы кәсіпорынның қаржылық жағдайын (ағылш. *financial position*) бағалау мен болжамдау жүзеге асырылады. Жалпы жағдайда ол екі кезеңде жүргізіледі: 1) қаржылық коэффициенттерді есептеу; 2) оларды түсіндіру (интерпретация) және белгіленген нормативтер мен салыстырудан тұрады.

R-талдауы әдісінің артықшылығы оның жоғары «стандартталғанында», себебі бүкіл әлемде негізгі қаржылық коэффициенттер бірдей формулалармен есептеледі, ал кейбір ауытқулар орын алса, онда бұл коэффициенттерді жай түзетулер арқылы жалпыға белгілі мәндеріне келтіру қиынға соқпайды. Келесі

артықшылығы ол инфляцияның әсерін ескермеуге көмектеседі, өйткені коэффициенттер салыстырмалы көрсеткіштер болып табылады, яғни есептеулерде қаржылық есептіліктің абсолютті шамалары емес, керісінше олардың арақатынастары анықталады.

Сонымен бірге R-талдаудың келесідей кемшіліктер мен шектеулері бар. Біріншіден, көптеген коэффициенттерді есептеу көбінесе бір-біріне қарама-қарсы мәлімет береді, сол үшін белгілі бір топ қолданушыларға немесе белгілі мақсаттарға белгілі коэффициенттерді анықтау керек. Екіншіден, осы коэффициенттердің ұсынылған нормативтері көптеген кәсіпорындарды зерттеулер кезінде эмпирикалық жолмен есептелген. Бірақ жеке алынған кәсіпорынның қаржылық жағдайы нормативті шектеулерге сәйкес болмауы мүмкін және талданатын коэффициенттің өзінің нормативі болуы әбден мүмкін екенін ескеру қажет. Үшіншіден, талдаудың бұл әдісінің сәттілігі талданатын ақпараттың дұрыс және толық болуына тәуелді.

Ал банктің қарыз алушының несие қабілеттілігін бағалау барысындағы көзқарасы бойынша, R-талдаудың басты мақсаты клиенттің қаржылық жағдайын талдаумен қоса, кредиттің тәуекелділіктің бағасын және қайтарылуының табыс көздерін анықтау болып табылады.

Қарыз алушының несиелік қабілеті - бұл оның өзінің қарыздық міндеттемелері бойынша толық және уақтылы есеп айрысу қабілеті. Қарыз алушының несиелік қабілеті оның төлем қабілетінің бір айырмашылығы онда өткен кезеңдегі немесе қандайда бір күндегі төлемсіздікті есепке алмайды, ал жақын перспективадағы қарызды өтеу қабілетін болжайды: несиелік қабілеті бар клиенттер банкке, жабдықтаушыларға бюджетке ұзақ төлемсіздіктің болуын жібермейді. Қарыз алушының несиелік қабілетінің ең негізгі критерийлерінің бірі - оның қарыз өтеу үшін ағымдағы қызметінің жалғасуы барысында қаражат табу қабілеті болып табылады.

Қазіргі кезде коммерциялық банктерде арнайы уәкілетті орган - несиелік комитет – құрылған. Құжаттар пакетін зерттеу нәтижесінде сараптама-қорытынды жасалады. Ол шамамен алты бөлімнен тұрады, оларды қарыз алушы кәсіпорын туралы ақпарат, жобаға қысқаша мінездеме, жобаның қаржылық бағасы, несиенің қайтарылуын қамтасыздандыру және тәуекелдерді талдау құрайды. Қарыз алушының несие қабілеттілігін талдау оның қаржылық есептілігімен танысу және талдаудан басталады. Бұл кезеңде кәсіпорынның қаржылық-шаруашылық қызметіне R-талдау жүргізіледі және нәтижесінде рейтингі есептеледі.

Несиелеудің жолдарын жетілдіру мақсатында банктер қарыз алушының несие қабілеттілігін анықтаудың оңтайлы жолдарын қарастыруы және несиелеу механизмінің тиімділігі мен сапасын арттыруы үшін шетелдік несиелеу тәжірибесіне сүйенуі қажет. Осы тұрғыда Ресейдің Сбербанкі тарапынан әзірленген қарыз алушының несие қабілеттігін бағалау бойынша әдістемесін негізге алуға болады [1]. Әдістемеге сәйкес, клиенттің рейтингін бағалау үшін S-көрсеткіші, бес қаржылық коэффициенттерін ескере отырып, келесі формуламен есептеледі:

$$S = 0,11 \cdot K1 + 0,05 \cdot K2 + 0,42 \cdot K3 + 0,21 \cdot K4 + 0,21 \cdot K5$$

мұнда K1 - абсолюттік өтімділік коэффициенті;

K2 - аралық өтеу коэффициенті;

K3 - ағымдағы өтімділік коэффициенті;

K4 - қарыз және меншікті қаражаттың арақатынасы коэффициенті;

K5 – сатулардың немесе өткізілген өнімнің рентабеліділік коэффициенті.

Сонымен S-көрсеткіші кәсіпорынның қаржылық есептілігіне сәйкес бес коэффициенттерді есептегендегі баллдар санының қосындысынан тұрады. Ресей Сбербанкінің көзқарасына сәйкес, аталған коэффициенттер маңызды деп саналады, сондай-ақ әрбір коэффициент формулада берілгендей тиесілі салмағына ие.

Несие алу үшін коэффициенттердің жеткілікті мәндері келесідей бекітілген: K1 - 0,2; K2 - 0,8; K3 - 2,0; K4 - 1,0 (барлық қарыз алушылар үшін, сауда ұйымдарын қоспағанда), ал сауда ұйымдары үшін 0,6; K5 - 0,15.

Клиенттің әрбір қаржылық коэффициенттерінің іс жүзіндегі мәні негізінде оның сыныбы төмендегі кестеде берілген шектеулер бойынша белгілі болады:

Коэффициенттер	1-сынып	2-сынып	3-сынып
K1	$\geq 0,2$	0,15÷0,19	0,15-кем
K2	$\geq 0,8$	0,50÷0,79	0,50-кем
K3	$\geq 2,0$	1,00÷1,99	1,00-кем
K4 (сауда ұйымдарын қоспағанда)	$\geq 1,0$	0,70÷0,99	0,70-кем
K4 (сауда ұйымдары үшін)	$\geq 0,6$	0,40÷0,59	0,40-кем
K5	$\geq 0,15$	0,15-кем	рентабельді емес

S–көрсеткішінің сандық мәніне қарай, қарыз алушылар үш сыныпқа жіктеледі:

1-сынып ( $1 > S > 2,42$ ): несиелеудің ешқандай күмәндігін келтірмейді;

2-сынып ( $1 < S < 2,42$ ): несиелеу сараланған шешімді қажет етеді;

3-сынып ( $S \geq 2,42$ ): несиелеу жоғары тәуекелді болып табылады.

Ресей Сбербанкінің әдістемесін Қазақстан Республикасы қаржы министрінің 23.05.2007 ж. №184 бұйрығымен бекіткен кәсіпорынның 1-«Бухгалтерлік баланс» нысаны және 2-«Пайда мен зияндар туралы есеп» нысанына сәйкестендіру барысында жоғарыда аталған қаржылық коэффициенттерді есептеу формулалары төмендегідей көріністе болады.

$$\text{Абсолюттік өтімділік коэффициенті} = K1 = \frac{\text{ақша қаражаты} + \text{қысқа мерзімді қаржы инвестициялар}}{\text{қысқа мерзімді міндеттемелер}} = \frac{a_{010} + a_{011}}{a_{300}}$$

$$\text{Аралық өтеу коэффициенті} = K2 = \frac{\text{ақша қаражаты} + \text{қысқа мерзімді қаржы инвестициялар} + \text{қысқа мерзімді дебиторлық берешек} + \text{өзге қысқа мерзімді активтер}}{\text{...}} = \frac{a_{010} + a_{011} + a_{012} + a_{016}}{\text{...}}$$

<i>(Quick ratio, QR)</i>		<u>қысқа мерзімді міндеттемелер</u>	<u>a<sub>300</sub></u>
Ағымдағы өтімділік коэффициенті <i>(Current Ratio, CR)</i>	= K3 =	$\frac{\text{қысқа мерзімді активтер}}{\text{қысқа мерзімді міндеттемелер}}$	= $\frac{a_{100}}{a_{300}}$
Қарыз және меншікті қаражаттың арақа- тынасы коэффициенті <i>(Total debt to equity, TD/EQ)</i>	= K4 =	$\frac{\text{қысқа мерзімдіміндеттемелер + ұзақмерзімді міндеттемелер}}{\text{меншікті капитал}}$	= $\frac{a_{300} + a_{400}}{a_{500}}$
Өткізілген өнімнің рентабелілігі коэффициенті <i>(Return on sales, ROS)</i>	= K5 =	$\frac{\text{таза пайда}}{\text{өнімдерді сату мен қызметтеркөрсетуден түскен кіріс}}$	= $\frac{b_{150}}{b_{010}}$

Мұнда a<sub>i</sub> - «Бухгалтерлік баланс» 1-нысанының i-бабы;

b<sub>i</sub> – «Пайда мен зияндар туралы есеп» 2-нысанының i-бабы.

Ресей Сбербанкiнiң қарыз алушының несие қабiлеттiгiн бағалау бойынша әдiстемесiн екi отандық кәсiпорындардың мысалында қолдану нәтижелерi төменде берiлген, олар «Рахат» және «Химфарм» акционерлiк қоғамы (АҚ).

Коэффициенттер, S-көрсеткіші	Ресей Сбербанкiнiң көзқарасы бойынша коэффициенттiң салмағы	Коэффициенттiң iс жүзiндегi мәнi	
		«Рахат» АҚ бойынша	«Химфарм» АҚ бойынша
K1	0,11	0,26	0,02
K2	0,05	0,46	0,84
K3	0,42	5,86	1,48
K4	0,21	0,17	0,66
K5	0,21	0,06	0,27
S-көрсеткіші	-	2,56	0,86

Ескерту: кесте [www.kase.kz](http://www.kase.kz) сайтында орналасқан қаржылық есептiлiктерiнiң мәлiметтерi негiзiнде авторлармен құрастырылған

«Рахат» акционерлiк қоғамының 70 жылдық дара тарихы бар, Қазақстандағы кондитерлiк өнiм өндiретiн iрi өндiрiс орындарының бiрi. «Рахат» АҚ-да 3500-ге тарта адам жұмыс iстейдi. Өндiрiстiк қуат Алматы және Шымкент қалаларындағы екi алаңда шоғырланған. Бүгiнде «Рахат» АҚ-ның сұрыпталым қоржыны 10 түрлi топқа жататын алуан түрлi кондитерлiк өнiмнiң

250-ден аса атауымен толыққан. Қазақстан нарығындағы үлесі 23% құрайды [3].

«Химфарм» АҚ-ы нарықта Santo белгісімен қызмет атқарып келеді және де Қазақстандағы дәрі құралдарының жергілікті өндірушілері арасында көшбасшы орынға ие. Ірі фармацевтикалық «Польфарма» фирмасы Шымкент қаласындағы «Химфарм» АҚ-ның иесі болып табылатын қоғамның мажоритарлық акционері. «Польфарма» - Орталық Шығыс Еуропа, Кавказ және Орталық Азия аймағында белсенді қызмет етіп жүрген 600 млн. АҚШ долларына жуық жылдық табысқа ие халықаралық фармацевтикалық топ. Ол польшалық фармацевтикалық нарықтың көшбасшысы және де дәрілік құралдар мен фармацевтикалық субстанцияларды өндіретін аса ірі польшалық компания болып табылады. «Польфарма» компаниясының барлық өнімі қоршаған табиғи орта қауіпсіздігі мен өнімнің ең жоғары сапасын кепілдендіретін заманауи технологияларды қолдана отырып, GMP халықаралық стандарттарына сәйкес жасап шығарылады. Өндіріс көлемі бойынша аталған өнеркәсіптің отандық нарықтағы үлесі 50%-ға жуықтайды [3].

Ресей Сбербанкінің несие қабілеттілікті бағалау үлгісі бойынша «Рахат» АҚ-ның қаржылық есептілігінің негізінде бес басты коэффициенттерді есептеу нәтижесінде бұл кәсіпорын үшінші сыныпқа жатқызылды. Яғни «Рахат» АҚ-ның тәуекел деңгейі жоғары, сондықтан банк мұндай сыныптағы қарыз алушыға несие беруге күмәндануы мүмкін. Банк өзіне оңтайлы нұсқасын алады: клиенттің тәуекел деңгейі банк үшін де тәуекелге айналады. R-талдауының қорытындылары төмен болуының себебі «Рахат» АҚ-ның басқа да қысқа мерзімді міндеттемелері бар екенін де сияқты. Қаржылық есептілігіне тіркеген түсіндірме жазбасына сәйкес, ол 2011 жылы айналым капиталын толықтыру мақсатында 01.07.2011ж. мен 10.08.2011ж. уақыт аралығында «Ситибанк Қазақстан» және «Альфа-банк»-тен жалпы сомасы 935 млн. теңгені құрайтын қысқа мерзімді несие алған болатын. Аталған уақыттың соңына ұйымның қаржылық міндеттемелері 1060 млн. теңгеге тең болған.

«Химфарм» АҚ-ның қаржылық-шаруашылық қызметінің нәтижелеріне R-талдау жүргізу оны несие қабілеттілігі бойынша бірінші сыныпты қарыз алушыға жатқызуға негіз берді. Осы қорытындыға қоса, банк кәсіпорынның жасалған басқа да маркетингтік, стратегиялық зерттеулеріне, бизнес-жоспарына көңіл бөле отырып, оған несие беруі әбден мүмкін сияқты.

Сонымен қатар айта кету керек, болашақ әрқашан да белгісіздік пен ықтималдықпен бірге жүреді. Сондықтан қаржылық есептілік негізіндегі R-талдау кез-келген жағдайда дұрыс қорытынды береді деуге болмайды. Ол кесімді жауаптар беруге қарағанда көбінесе сұрақтар пайда болуына және банк қызметкерлерін әрі қарай сапалы тереңдетілген талдауға жетелуі қажет.

Қорыта айтсақ, әрбір банк үшін R-талдау және несие қабілеттілікті бағалаудың дұрыс үлгісін таңдау маңызды шешім болып табылады. Қарыз алушының қаржылық тұрақтылығын объективті бағалау және несиелік операцияларға байланысты мүмкін болар тәуекелдерді есепке алу банкке ресурстарды тиімді басқаруға және пайда табуға мүмкіндік береді.

Қолданылған әдебиет

1. Приложение № 8 к Регламенту предоставления кредитов юридическим лицам Сбербанком России и его филиалами «Методика определения кредитоспособности заемщика» // <http://www.jurbase.ru/texts/sector127/tez27846.htm>

2. Қазақстан Республикасы қаржы министрінің 23.05.2007 ж. №184 «Жария мүдделі ұйымдардың (қаржылық ұйымдарынан басқа) жариялауы үшін жылдық қаржылық есептіліктің тізбесі мен нысандарын бекіту туралы» бұйрығы // [www.minfin.kz](http://www.minfin.kz)

3. [www.kase.kz](http://www.kase.kz)

**Мархаева Б.А., Дандыбаева М.С., Сихимбаева Ж.Б.**

**Қаржылық есептілік, R-талдау және несие қабілеттілікті бағалау**

Ресейдің Сбербанкі тарапынан әзірленген қарыз алушының несие қабілеттігін бағалау бойынша әдістемесін негізге ала отырып, «Рахат» және «Химфарм» акционерлік қоғамдырының есептеліктерінің мәліметтері бойынша 5 қаржылық коэффициенттері есептелген. R-талдаудың қорытындысына сәйкес кәсіпорындардың сыныптары анықталып, оларға несие берілуі мүмкіндігі бағаланған.

**Мархаева Б.А., Дандыбаева М.С., Сихимбаева Ж.Б.**

**Финансовая отчетность, R-анализ и оценка кредитоспособности**

В статье рассмотрены вопросы адаптации методики оценки кредитоспособности заемщика Сбербанка России к анализу финансово-хозяйственной деятельности двух отечественных предприятий – АО «Рахат» и АО «Химфарм». По данным публичной финансовой отчетности авторами рассчитаны 5 коэффициентов, определена принадлежность к классу заемщиков и проведена оценка возможности банковского кредитования.

Контактная информация:

Алматы, Международная академия бизнеса

Тел. 8 701 4139440

8 700 33 202 44